

Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және  
құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТА БОЙЫНША**  
**НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР**

Бақылау  
данасы

Государственные нормативы в области архитектуры,  
градостроительства и строительства Республики Казахстан  
**НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ**

## **ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ҚҰН ИНДЕКСТЕРІНІҢ ЕСЕБІ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

### **МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО РАСЧЕТУ ИНДЕКСОВ СТОИМОСТИ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА**

**ҚР ҚНБҚ 8.01-06-2022**  
**НДЦС РК 8.01-06-2022**

**Ресми басылым**  
**Издание официальное**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму  
министірлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері  
комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства  
Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики  
Казахстан

Государственные нормативы в области архитектуры,  
градостроительства и строительства Республики Казахстан  
**НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ**

## **ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ҚҰН ИНДЕКСТЕРІНІҢ ЕСЕБІ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

---

### **МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО РАСЧЕТУ ИНДЕКСОВ СТОИМОСТИ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА**

**ҚР ҚНБҚ 8.01-06-2022**  
**НДЦС РК 8.01-06-2022**

**Ресми басылым**  
**Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму  
министірлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері  
комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства  
Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики  
Казахстан**

## **Алғы сөз**

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (ҚР ИИДМ) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар баскармасы
3 ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	ҚР ИИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 04.07.2022 ж. № 137-нқ бұйрығымен  04.07.2022 жылдан бастап

**Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды**

## **Предисловие**

1 РАЗРАБОТАНЫ	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕНЫ	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (КДСЖКХ МИИР РК)
3 ПРИНЯТЫ	Приказом КДСЖКХ МИИР РК от 04.07.2022 года № 137-нқ
И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ	с 04.07.2022 года

**Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства**



# **Құрылыс үшін құн индекстерін есептеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар**

## **ҚР ҚНБҚ 8.01-06-2022**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1.1 Құрылыс үшін құн индекстерін есептеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Ұсынымдар) құрылыс құнын айқындау (бұдан әрі – ҚҚИ) үшін қолданылатын индекстерді есептеу тәртібін белгілейді.

1.2 Осы ұсынымдарды ҚҚИ қалыптастыру кезінде құрылыстағы баға белгілеу саласындағы мамандандырылған ұйым қолданады.

1.3 ҚҚИ:

1) ұқсас объектілердің құндық көрсеткіштерін ағымдағы бағаларға қайта есептеу;

2) алдағы кезеңдердің құрылыс құнын айқындау кезінде қолданылады.

1.4 Әдістемеде келесі анықтамалар қолданылады:

1) агрегаттық индекс – күрделі құбылыстың барлық элементтерінің өзгеруін көрсететін жалпы индекс. Күрделі құбылыс деп жекелеген элементтері (индекстері) тікелей жинақтауға жатпайтын жиынтық түсініледі;

2) серпінді қатар – уақыт өте келе құбылыстың өзгеруін сипаттайтын біртекті шамалар қатары;

3) баға индексі – белгілі бір уақыт кезеңіндегі баға деңгейінің өзгеруінің салыстырмалы көрсеткіші;

4) сызықтық регрессия – айнымалының сызықтық тәуелділік функциясы бар бір немесе бірнеше басқа айнымалыларға (факторларға, регрессорларға, тәуелсіз айнымалыларға) тәуелділік моделі;

5) полиномды регрессия – екі шаманың арасындағы функционалды қатынасты модельдеу үшін негізгі функцияларды қолдана отырып, регрессиялық талдаудың бір мысалы;

6) болжау – бұл өткен және осы уақыттағы мәліметтерге негізделген және трендтерді талдау негізіндегі болжау процесі;

7) регрессия – бұл кездейсоқ шаманың орташа мәнінің басқа шамаға немесе бірнеше шамаға тәуелділігін білдіретін шама;

8) экстраполяция – өткен кезеңдердегі олардың өзгеру үрдістері туралы қолда бар деректер негізінде шамалардың, көрсеткіштердің болашақ, күтілетін мәндерін айқындау, яғни өткен кезеңдерде белгіленген үрдістерді болашақ кезеңдерге тарату.

1.5 ҚҚИ құрылыс өндірісінің барлық кезеңдеріндегі шығындардың өзгеруін сипаттайды: құрылыс-монтаждау жұмыстары (бұдан әрі – ҚМЖ), машиналар мен жабдықтар, басқа да жұмыстар мен шығындар.

Құрылыс-монтаждау жұмыстары құнының индексін құру оларды өндіруге жұмсалатын шығындардың шамасын айқындайтын негізгі баптар бойынша жүзеге асырылады

1) құрылыстағы еңбек шығындарының сметалық бағасы;

2) құрылыс материалдарына, бөлшектер мен конструкцияларға (бұдан әрі

– құрылыс материалдары) және инженерлік жабдықтарға сметалық бағалар;

3) құрылыста машиналары мен механизмдеріне сметалық бағалар.

1.6 ҚҚИ Қазақстан Республикасы бойынша қалыптастырылады.

1.7 Өкіл объектілер немесе жекелеген объектілер бойынша ҚМЖ құнының индекстерін есептеу ресурстық-технологиялық модельдер (бұдан әрі-РТМ) негізінде жүзеге асырылады.

РТМ жеке объект немесе өкіл-объект бойынша олардың жұмсалуды және ҚМЖ өндіруге арналған шығындардың мөлшерін сипаттайтын ресурстардың (құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары, машиналар мен жабдықтар, құрылыс жұмыскерлеріне еңбек шығындары) біріздендірілген жиынтығын білдіреді.

Қолданылатын материалдық және еңбек ресурстарының шығысы, сондай-ақ РТМ-де құрылыс машиналарын пайдалану уақытының нормалары бекітілген шамалар болып табылады.

Қолданылатын материалдық және еңбек ресурстарының шығысы, сондай-ақ РТМ-де құрылыс машиналарын пайдалану уақытының нормалары бекітілген шамалар болып табылады.

РТМ ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң шешімін алған ұқсас объектілердің жобалау-сметалық құжаттамасы негізінде құрылады.

1.8 Объектілердің түрлері бойынша құрылыс үшін құн индексі және өткен кезеңдердің бағаларын ағымдағы бағаларға қайта есептеуге арналған РТМ әзірлеу мынадай ретпен жүзеге асырылады:

а) өкіл объектіні таңдау жүзеге асырылады;

б) өкіл объект бойынша сметалық құжаттама негізінде объектілік ресурстық ведомость қалыптастырылады.;

в) қалыптастырылған объектілік ресурстық ведомость негізінде құрылыс ресурстарының номенклатурасына талдау жасалады;

г) құрылыс ресурстарының шығысын қамтитын РТМ ресурстық блогы қалыптастырылады;

д) РТМ ресурстық блогының негізінде құрылыс ресурстарының құны туралы деректерді пайдалана отырып, РТМ құндық блогы қалыптастырылады.

## **2-тарау. Өткен кезеңдердің бағаларын ағымдағы бағаларға қайта есептеуге арналған құрылыс үшін құн индекстерін және коэффициенттерін есептеу тәртібі**

2.1 Агрегаттық индекстер агрегацияның жоғары деңгейлеріндегі дәйекті өзгерістерді көрсетеді.

Құрылыс үшін құн индексі технологиялық құрылымның әрбір элементінің үлес салмағын ескере отырып, агрегаттық индекс ретінде мына формула бойынша есептеледі:

$$I_K = I_{КМЖ} \times q_{КМЖ} + I_O \times q_O + I_{ОШ} \times q_{ОШ} \quad (1)$$

мұнда:

$I_K$  – құрылыс үшін құн индексі;

$I_{ҚМЖ}$ ,  $I_J$ ,  $I_{ӨШ}$  – тиісінше ҚМЖ, Жабдықтың, өзге де шығындардың сметалық құнының индекстері;

$Q_{ҚМЖ}$ ,  $q_J$ ,  $q_{ӨШ}$ -тиісінше, ҚМЖ, Жабдықтың, өзге де шығындардың сметалық құнының үлес салмағы.

Технологиялық құрылым элементтерінің сметалық құнының үлес салмағы ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң шешімін алған ұқсас объектілердің жобалау-сметалық құжаттамалары бойынша айқындалады.

2.2 ҚМЖ құнының индексі келесі формула (2) бойынша ағымдағы кезеңдегі ҚМЖ жалпы құнының алдыңғы кезеңдегі ҚМЖ құнына қатынасы ретінде есептелінеді:

$$I_{ҚМЖ} = \frac{K_{ҚМЖ_t}}{K_{ҚМЖ_{t-1}}} (2)$$

мұнда:

$K_{ҚМЖ_t}$  - ағымдағы кезеңдегі ҚМЖ сметалық құны;

$K_{ҚМЖ_{t-1}}$  - алдыңғы кезеңдегі ҚМЖ сметалық құны.

ҚМЖ сметалық құны құрылысшы-жұмысшылар мен машинистердің еңбегіне ақы төлеу, машиналар мен механизмдерді, материалдарды, бұйымдар мен конструкцияларды пайдалану, құрылыс үшін жүктерді тасымалдау жалпы сметалық құнының, үстеме шығыстар мен сметалық пайданың жиынтығы ретінде айқындалады.

$$K_{ҚМЖ} = K_{ЕА} + K_{ММП} + K_M + K_{КШ} (3)$$

мұнда:

$K_{ЕА}$  – құрылысшы жұмысшылар мен машинистердің еңбекақысының сметалық құны;

$K_{ММП}$  – құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдаланудың сметалық құны;

$K_M$  – құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының сметалық құны;

$K_{КШ}$  – автомобиль көлігімен құрылыс жүктерін тасымалдауға бойынша шығыстардың сметалық құны.

РТМ құрамындағы үстеме шығыстар мен сметалық пайданың мөлшері оны әзірлеу үшін пайдаланылатын сметалық құжаттаманың негізінде және қолданыстағы сметалық нормативтерге сәйкес қабылданады.

2.3. Жұмыстарды орындауға арналған еңбекке ақы төлеу шығындарының сметалық құны нормативтік еңбекті қажетсінуге (адам-сағатпен) және еңбек шығындарының ағымдағы сметалық бағасына сүйене отырып айқындалады. Нормативтік еңбекті қажетсіну (еңбек шығындары) сметалық нормалар (жұмыстың өлшем бірлігіне) және жоба бойынша қабылданған жұмыстар көлемі негізінде айқындалады. Еңбек шығындарына арналған ағымдағы сметалық баға жұмыстың орташа разрядын ескере отырып, тиісті өңір үшін еңбек шығындарына арналған сметалық бағалар жинағы бойынша қабылданады.

Құрылысшы жұмысшылар мен машинистердің еңбегіне ақы төлеудің сметалық тарифтік мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті Төрағасының 2020 жылғы 13 наурыздағы № 54-НҚ бұйрығымен бекітілген 8.01-14-2019 «Құрылыс ресурстарына және құрылыс үшін жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған сметалық бағаларды есептеу» Қазақстан Республикасының құрылыстағы басшылық құжатында (бұдан әрі – Басшылық құжат) белгіленген тәртіппен есептеледі.

2.4 Құрылыс машиналарын пайдалануға арналған шығындардың сметалық құны қажетті машиналардың нормативтік қажеттілігіне (машина-сағатпен) және бір машина-сағаттың ағымдағы бағасына сүйене отырып айқындалады. Құрылыс машиналары мен механизмдерінің бір машина-сағатының ағымдағы бағасы тиісті өңір үшін құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинағы бойынша қабылданады.

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған сметалық баға Басшылық құжатта белгіленген тәртіппен есептеледі.

2.5 Құрылыс материалдарының сметалық құны ағымдағы деңгейдегі сметалық бағаның РТМ-де қабылданған оларды жұмсау көрсеткіштеріне көбейтіндісі ретінде айқындалады.

Құрылыс материалдарының тізбесі мен саны сметалық нормаларда келтірілген олардың шығысының нормативтік көрсеткіштері және жоба бойынша қабылданған жұмыстар көлемі негізінде қабылданады.

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі құрылыс материалдарының сметалық бағасы Басшылық құжатта белгіленген тәртіппен есептеледі.

2.6 Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкциялары құнының индекстерін есептеу ( $I_M$ ) келесі (4) формула бойынша жүзеге асырылады:

$$I_{K_M} = \frac{K_{M_t}}{K_{M_{t-1}}} \quad (4)$$

мұнда:

$K_{M_t}$  - ағымдағы кезеңдегі РТМ бойынша құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының сметалық құны, теңге;

$K_{M_{t-1}}$  - алдыңғы кезеңдегі РТМ бойынша құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының сметалық құны, теңге.

2.7 Ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі көлік шығыстарының сметалық құны заттай көріністегі құрылыс жүктерін тасымалдау көлемін олардың сметалық бағасына көбейту жолымен айқындалады. Ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі автомобиль көлігімен құрылыс үшін жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған сметалық баға басшылық құжатта белгіленген тәртіппен есептеледі.

2.8 Жабдық құнының индекстері бойынша «Машиналар, жабдықтар және механизмдер; электр техникалық жабдық; дыбыс жазатын және дыбыс



шығаратын аппаратура, олардың бөліктері мен керек-жарақтары» тобы бойынша импорттық түсімдердің баға индекстерінің деңгейі туралы статистика саласындағы уәкілетті органдар қалыптастыратын, реимпортты қоспағанда, ел ішінде пайдалануға арналған шетелден тауарлар, өнімдер импорты бойынша операцияларды ескеретін ресми статистикалық ақпарат пайдаланылады.

2.9 Өзге де жұмыстар мен шығындарға өзге де жұмыстар мен шығындардың баға индекстерінің деңгейі туралы статистика саласындағы уәкілетті органдар қалыптастыратын ресми статистикалық ақпарат пайдаланылады.

2.10 ҚҚИ сатып алушыға қойылатын құрылыс объектісінің түпкілікті бағасында көрсетілетін барлық баға факторларын қамтымайды: қаржылық шығындар мен салықтар (жер құны, құрылысқа рұқсат, сақтандыру жарналары, тіркеу салығы, жылжымайтын мүлікке несие бергені үшін комиссия, жылжымайтын мүлікті сату жөніндегі агентке комиссия).

2.11 Өткен кезеңдердің бағаларын ағымдағы бағаларға қайта есептеуге арналған коэффициенттер келесідей есептеледі:

$$K_{n-1} = K_n \cdot I_{n-1} / 100, (5)$$

мұнда:

$K_n$  – ағымдағы кезеңді қайта есептеу коэффициенті;

$I_{n-1}$  – құрылысы үшін өткен кезеңнің құн индексі.

### **3-тарау. Алдағы кезеңдердегі құрылыс үшін құн индекстерін және коэффициенттерді есептеу тәртібі**

3.1. Біріктірілген алдағы кезеңдердегі құрылыс үшін құн индекстерін индекстерді есептеу келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) құрылыс өкіл-ресурсы бағаларының динамикалық қатарларын қалыптастыру;
- 2) детерминация коэффициенті бойынша болжаудың қолайлы моделін таңдау;
- 3) өкіл-материал бойынша болжамды бағалар мен индекстерді есептеу;
- 4) РТМ-ден үлес салмағы арқылы ресурстар бағасының болжамды индекстерін агрегаттау.

3.2 Құрылыс құны үшін алдағы кезеңдердегі агрегатталған индексі технологиялық құрылым элементтері бойынша болжамды баға индекстерінің негізінде орташа өлшемді көрсеткіш ретінде есептеледі.

3.3 Болжау кезінде трендік және бейімделгіш болжау әдістері қолданылады. Трендті болжау әдістерінің модельдері:

- 1) Экспоненциалды. Экспоненциалды тренд сызығының теңдеуі мынадай:

$$Y = ce^{bX} (6)$$

мұндағы  $c$  және  $b$  – тренд сызығының есептелетін параметрлері;

- 2) Желілік. Желілік тренд сызығы келесі теңдеуімен сипатталатын түзу:

$$Y=mX + b \quad (7)$$

мұндағы  $X$  – тәуелсіз айнымалы (фактор),  $m$  және  $b$  – түзудің есептелетін параметрлері ( $m$  параметрі түзудің көлбеуін,  $b$  параметрі – түзудің  $Y$  осімен қиылысу нүктесін анықтайды)

3) Логарифмдік. Трендтің логарифмдік сызығының төмендегі теңдеу түрінде болады:

$$Y=c\ln(X)+b \quad (8)$$

мұндағы  $c$  және  $b$  – тренд сызығының есептелетін параметрлері.

1) Полиномды. Полиномды тренд сызығының теңдеуі мынадай түрге ие:

$$Y=c_n x^n + c_{n-1} x^{n-1} + \dots + c_2 x^2 + c_1 x + b \quad (9)$$

мұнда  $c_n, c_{n-1}, \dots, c_2, c_1$  және  $b$  – тренд сызығының есептелетін параметрлері.

$N$  полиномының дәрежесі 2-ден 6-ға дейінгі бүтін сан ретінде беріледі.

2) Дәрежелік. Дәрежелік тренд сызығының теңдеуі мынадай түрге ие:

$$Y=cX^b \quad (10)$$

мұнда  $c$  және  $b$  – тренд сызығының есептелетін параметрлері.

б) Желілік сүзу. Бұл опцияны таңдағанда, деректерді жылжымалы орташа әдіспен деңгейлестіреді

3.4 Болжаудың бірнеше әдістері бар, олардың ең қолайлысын таңдау анықтау ( $R^2$ ) коэффициентіне байланысты. Анықтау коэффициентінің мәні нөлден бірлікке дейінгі диапазонда болуы керек:  $0 \leq R^2 \leq 1$ . Егер анықтау коэффициентінің мәні 1-ге жақын болса, модель жақсы деп саналады. Жоғары сапалы болжамды мәліметтерге қол жеткізу үшін болжау кезінде анықтау коэффициентінің жоғары мәні бар экстраполяция моделі таңдалады.

20. Сызықтық регрессия әдісімен экстраполяция-тәуелді айнымалы мен бір немесе бірнеше тәуелсіз айнымалылар арасындағы тәуелділікті модельдеу үшін регрессияның бір түрі (regression). Сызықтық экстраполяция келесі формула бойынша есептеледі:

$$Y_0 = ax_0 + b \quad (11)$$

где:

$Y_0$  –  $x_0$  шамасы үшін болжамды мәні;

$x_0$  – тәуелсіз айнымалы шама;

$b$  – бағалау сызығының еркін мүшесі (қиылысы);

$a$  – бағаланған сызықтың бұрыштық коэффициенті немесе градиенті; егер біз  $x$ -ны бір бірлікке көбейтсек,  $Y$  орташа есеппен өсетін шаманы білдіреді.

3.6 Көпмүшелік регрессия әдісімен экстраполяция – бұл тәуелсіз айнымалы мен тәуелді айнымалы арасындағы байланыс тәуелсіз айнымалыдан  $n$ -ші дәрежелі көпмүшелік ретінде модельденетін регрессиялық талдаудың бір түрі.

Полиномиялық регрессия келесі формула бойынша есептеледі:

$$Y = b_0 + a_1 x + a_2 x^2 + a_3 x^3 + \dots + a_n x^n \quad (12)$$

мұнда:

$b_0$  – сілтеме нүктесі;

$a_1x + a_2x^2 + a_3x^3$  – динамикалық қатар;

$n$  – болжамды кезең.

3.7 Ағымдағы бағалардан алдағы кезеңдердің бағаларына ауысуға арналған коэффициенттер келесідей есептелінеді:

$$K_{n+1} = K_n \cdot I_{n+1} / 100 \quad (13)$$

где:

$K_n$  – ағымдағы кезеңді қайта есептеу коэффициенті;

$I_{n+1}$  – құрылысы үшін алдағы кезеңнің құн индексі.

#### **4-тарау. Құрылыс үшін құн индекстерінің жинақтарын қалыптастыру**

4.1 Мемлекеттік сметалық нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту және қолданысқа енгізу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 890 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу (қолданысын тоқтата тұру, күшін жою) қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

4.2 Құрылыс үшін құн индекстерінің жинақтары өз құрамында мынадай құрылымдық элементтерді көздейді:

- титул парағы;
- алғысөз;
- мазмұны;
- жалпы бөлім;
- ағымдағы және болжамды индекстері бар кестелер.

4.3 Сметалық нормативтердің титулдық парақтары Қағидалардың 25-қосымшасында келтірілген нысанға сәйкес ресімделеді.

4.4 "Алғы сөз" құрылымдық элементінің нысаны Қағидалардың 3-қосымшасында келтірілген.

4.5 Сметалық нормативтердің шмуцтитулдары Қағидалардың 5-қосымшасында келтірілген нысанға сәйкес ресімделеді.

4.6 Құрылыс үшін құн индекстері жинақтарының жалпы (техникалық) бөлігінде индекстерді қолдану шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер келтіріледі.

4.7 Жинақта құрылыс үшін құн индекстері:

құрылыс үшін құн индекстері және өткен кезеңдердің бағаларын ағымдағы бағаларға қайта есептеу коэффициенттері;

құрылыс үшін құн индекстері және ағымдағы бағалардан алдағы кезеңдердің бағаларына өту коэффициенттері болып келтірілген.

4.8 Құрылыс үшін құн индекстері кестелерінің нысаны осы Ұсынымдарға 1-қосымшада келтірілген.

4.9 Жинақтарды қалыптастыру, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезеңділігін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

4.10 Құрылыстағы және сметалық нормалардағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарды басып шығару және қайта басып шығару құқығы оларды бекіткен органға тиесілі. Құрылыстағы баға белгілеу және сметалық нормалар бойынша бекітілген нормативтік құжаттардың көшірмелерін тарату электрондық түрдегі нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры арқылы жүзеге асырылады.

4.11 Сметалық нормативті қайта шығарған кезде оған бекітілген барлық өзгерістер ескеріледі. Өзгертулермен қайта басылған құжаттың белгісіне (шифрына) жұлдызша (\*) қосылады. Сондай-ақ жұлдызша тиісті жинақта өзгертілген тармақтарды (құрылыстағы жаңа сметалық нормалар мен бағаларға көшуге және сметалық нормативтерді жаппай қайта басып шығаруға байланысты жағдайды қоспағанда) белгілейді. Салалық сметалық нормативтерді әзірлеуші ұйымдар (бірнеше орындаушы болған жағдайда – жетекші әзірлеуші ұйымдар), сондай-ақ мемлекеттік сметалық нормаларды әзірлейтін құрылыстағы баға белгілеу саласындағы мамандандырылған ұйым және құрылыстағы баға белгілеу және сметалық нормалар жөніндегі нормативтік құжаттарды бекіткен тиісті салалық (ведомстволық) орган немесе уәкілетті орган қолданыстағы сметалық нормативтерді жүйелі түрде тексереді олардың ғылыми-техникалық деңгейін анықтау және оларды жаңарту бойынша ұсыныстар дайындау.

4.12 Болжамды индекстерді жаңарту сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті органның жоспарларына сәйкес оларды жалпы жыл сайынғы негізде қайта қарау арқылы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4.13 Индекстерді есептеу кезінде пайдаланылатын ресми статистиканың нақты деректерін жыл сайын жаңарту құрылыс үшін болжамды құн индекстерін қайта қарау үшін негіз болып табылады.

4.14 Жинақтарды сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының 06.0.4.2016 жылғы №480\_v «Құқықтық актілер туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 890 бұйрығымен бекітілген бұйрығымен бекітілген мемлекеттік Нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу (қолданысын тоқтата тұру, күшін жою) қағидаларына сәйкес белгіленген тәртіппен қолданысқа енгізеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16270 болып тіркелген).

Құрылыс үшін құн  
индекстерін есептеу  
жөніндегі әдістемелік  
ұсынымдарға  
1 қосымша

Нысан

**«Құрылыс үшін құн индекстері» жинағының кестелік бөлігінің нысандары**

**1-кесте- Құрылыс үшін құн индекстері және өткен кезеңдердің (2001-2021 жж.)  
бағаларын 2022 жылғы ағымдағы бағаларға қайта есептеу коэффициенттері**

Кезеңдер	Индекс өткен кезеңге, %	Коэффициенттер
1	2	3
2001 ж.		
2002 ж.		
2003 ж.		
2004 ж.		
2005 ж.		
2006 ж.		
2007 ж.		
2008 ж.		
2009 ж.		
2010 ж.		
2011 ж.		
2012 ж.		
2013 ж.		
2014 ж.		
2015 ж.		
2016 ж.		
2017 ж.		
2018 ж.		
2019 ж.		
2020 ж.		
2021 ж.		
2022 ж.		

**2-кесте-Құрылыс үшін құн индекстері және 2022 жылғы ағымдағы бағалардан алдағы кезеңдердің бағаларына өту коэффициенттері**

<b>Кезеңдер</b>	<b>Индекс өткен кезеңге, %</b>	<b>Коэффициенттер</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>
2023 ж.		
2024 ж.		
2025 ж.		